

M.T. ҚОЖАҚАНОВА

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ҚАРТАЙДЫҚ, ҚАЙҒЫ ОЙЛАДЫҚ, ҮЙҚЫ СЕРГЕК» ӨЛЕҢІНІҢ АУДАРМАСЫ ТУРАЛЫ

Абайдың қай өлеңін алғып қарасақ та, «қайрат, ақыл, жүрек» туралы ойлары әр қырынан қозғалып, үнемі дамытылып отырады. Ақын "қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек" деген өлеңінде ақылды мен надан туралы ойын айқын сипаттайты. Қайғы ойлау, көзден үйқы қашып, ойдың кермек тартуы – қартайғандықтың белгісі емес. Халқының сауатсыздығы, надандығы ақын жаңына қатты батады. Абайды қартайтқан осы жағдайлар. Дегенмен бұл шакта ақынның дүние, әлем туралы танымы байыған, кемеліне жетіп, толысқан шағы болатын. Ақын заман, адам, жақсы мен жаман туралы ойларын кеңінен баяндап, адаптация мен арамды, жақсы мен жаманды ақыл ғана айыра алатындығын айтады. Ақын ақылдың қызметін айқындаі түсін үшін оған қарама-қарсы надандықтың мәнісін терең байыптауды.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені — көпшен дурмек [2,46], –

дегенде, ақын адам бойындағы ақылдың атқаратын қызметін адамдық қасиетпен тең қояды да, ақылсыз наданның қызметін де ашып көрсетеді. Жалпы, Абайдың ақындық амал-тәсілінің бірі қарама-қарсы ұғымдарды, мысалы ақылды мен наданды катар суреттеп, әрқайсысының орнын анықтап көрсету екенін білеміз. «Қара қылды қақ жару» қанатты сөзі қазақта бұрыннан бар, осы қанатты сөзді Абай «қара қылды қырыққа бөлмек» деп өзгертип береді. Қ.Жұмалиев: «Абай халық ауыз әдебиетіндегі сөздерді, сөйлемдерді, мақал-мәтедерді екі түрлі пайдаланатындығын, біріншісі, халықта қалай айтылса сол қалпында өзгертпей колданады да, екіншісін, ел аузындағы түрінен өзгертип, сөз, сөйлемдерін өзінше құрып, кейде жаңаша мазмұн беретіндігін, кейде сол мазмұнның өзін қалдырып, сөз, сөйлемдерін басқаша етіп құртатындығын» айтады. Ал ақынның осы тәсілі аудармада қалай көрініс табады, сақтала ма? Мәселен, осы өлең жолдарын орыс тіліне аударған Д.Бродскийдың нұсқасына назар аударайық:

Мудрый зорко проникает в глубь вещей,
Расщепляет волос на сорок частей,
Он и судит, он и взвешивает грех,
А невежда вторит толкам площадей. [3,29]

Шумақты орыс тілінен қазақ тіліне сөзбе-сөз кері аударып көрейік:

Дана істің мәнін жете ұғынады.
Шашты қырық бөлікке бөледі.
Ол күнәні жазалайды және өлшейді.
Надан болса тобырдың сөзін қайталайды.

Аудармашы түпнұсқа өлеңінің мағынасын сактайты, бірақ мәннің тереңдігіне жете алмаған.

«Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек» деген бірінші тармақ Д.Бродский аудармасының бірінші тармағында көрініс таппаған. Түпнұсқадағы «ақылды» сөзіне аудармадағы «мудрый» сөзі дәл балама бола алмайды. Аудармадағы «істің мәнін жете ұғыну» аудармашының өз жаңынан қосқан сөздері. «Әр нәрсеге өзіндей баға бермек» аудармада берілмеген, оның орнына «шашты қырық бөлікке бөледі» деген жолды түпнұсқадағы бірінші тармақтың жалғасы ретінде ұсынады. Түпнұсқада «қара қылды қырыққа бөлу» туралы айттылады. Д.Бродский болса «қара қылды» емес «шашты» бөледі. Шашты бөлу туралы ұғым орыс тілді оқырманға түсініксіз болары анық. «Қылды қырыққа бөлу» астарлы ұғымды тікелей сөзбе-сөз аударып, әсерін әлсіреткен. Орыс оқырманы үшін түсініксіздеу, аударманың pragmatikalық ықпалы кеміген. Ал көркем аудармада сөздің

коннотативті, яғни астарлы мағынасы маңызыды. Біздіңшे, аудармашы ақынның қолданып отырған авторлық фразеологизмін оның орыс тіліндегі баламасымен орайлас бергенде де болатын еді. Я.И. Рецкер фразеологизмдерді аудару барысында аудармашы мынадай жағдайларға назар аударуы қажеттігін айтады: «Тұпнұсқаның фразеологиялық бірліктерін айқындаپ, мағынасын ашып, аудармада олардың экспрессивті-стилистикалық функциясын, семантикасын жеткізу» [5,180].

Осы аталған талаптардың біріне де аудармашы көніл бөлмеген. Тұпнұсқадағы «таразы да, қазы да өз бойында», деген тармақты «ол күнөні жазалайды және өлшейді» деп береді. Абайдағы «таразы», «қазы» деген мәнді ұғым концептілердің маңызын әлсіретіп «судит», «взвешивает» деп аударады, яғни мағынасын ғана беріп, мәніне үнілмеген.

Тұпнұсқада «наданның сүйенген көппен дурмек» деген тармақты «а невежда вторит толкам площадей» деп аударған. Аудармада «надан» сөзі бар, бірақ тұпнұсқадағы сүйену, дурмек ұғымдары жоқ. Тобыр тұпнұсқадағы «көп» сөзіне дәл балама бола алмағанымен жалпы мағынасын береді.

Жалпы Д.Бродский тұпнұсқа өлеңнің ырғақ, ұйқас, интонациясына, яғни фигурарапарға көбірек мән берген сияқты болып көрінеді, себебі тұпнұсқадағы ааба ұйқасы аудармада сақталған. Өлеңдегі ұйқас, ырғақ, интонацияның атқаратын рөлі туралы М. Лозинский де маңызыды ойын айтады.

Аудармашы М.Лозинскийдің пікірінше, өлең аудармашысы тұпнұсқаны мүмкіндігінше дәл жеткізу үшін өзінің ана тілінде тұра тұпнұсқадағыдай эмоционалды әсері бар күрделі және жанды байланысты орнатуы тиіс. Аудармашы автордың интонациясын, ырғағын, ұйқасын, тілін, ерекшелігін сақтай отырып авторға айналуы керек, бірақ аудармашы өзінің поэтикалық даралығын да жоғалтпауы тиіс. Аудармашы тұпнұсқа құрылымы мен аударма құрылымы арасында функционалды баламалықты орнатып, аудармада көркемдік бүтінді құрайтын форма мен мазмұнның бірлігін аудармада туыннатуы тиіс, яғни оқырманға автордың шығармашылық ойлауының нәзік қырларын жеткізу тиіс. Мазмұн мен форма – көркем туындының маңызыды екі сипаты. Өлеңнің формасын ырғақ, өуен, архитектоника, стилистика, сөздердің мағыналық, образдылық, эмоционалды мазмұнды сияқты өзара байланысты, өзара әрекеттес бөлшектер құрайды.

Д.Бродский аудармада М.Лозинский айтқандай тұпнұсқадағы ырғақ пен ұйқасты сақтайты, бірақ мазмұн терендігіне көп көніл бөлмеген.

Ә.Қодар бұл шумакты мынадай үлгіде аударады:

Разумный со всех поразмыслит сторон.
Им будет, как должно, любой оценен.
В себе он находит и суд свой, и меру,
Невежда же мненьем толпы лишь силен. [1, 88]

Ә.Қодардың аудармасы Д.Бродскийдің аудармасына қарағанда сәтті шыққан деп айтуымызға болады. Ә.Қодар өз тарапынан қосу, қысқарту, шумактағы жолдардың орнын ауыстыру сияқты әрекеттерге бармай, тұпнұсқаның мазмұнын мүмкіндігінше беруге тырысқан.

Ә.Қодар тұпнұсқадағы авторлық фразеологизмді қарапайым сөздермен аударады. Ақылды мен ақылсыз надан арасындағы айырмашылық та тұпнұсқадағыдай қарама-қарсы қатынаста айқындалған. Дегенмен де, мұнда да «қара қылды қырыққа бөлу» деген бейнелі тіркесіне саймасай образ жоқ, аудармашы аударма тілдегі ұқсас вариантарды іздегені жөн еді. Төртінші тармақта Ә.Қодар «көптің пікірінен күш алу» туралы ой ұсынады. Тұпнұсқада көптің пікірінен күш алу емес, көпкес сүйену туралы ой айтылған.

Ағылшын тіліне өлеңді Д.Роттенберг мынадай үлгіде аударады:

Beneath the surface looks the keen-eyed sage.
Weighs words with all the shrewdness of old age.
He splits a hair in four times forty parts,
While the fool just chatters, like a parrot in a cage. [4,30]

Өлеңді қазақ тіліне сөзбе - сөз кері аударғанда беретін мағынасы:

Ақылды астарындағыны көреді.
Сөздерді үлкендерше көрегендікпен өлшейді.
Ол шашты торт рет қырық бөлшекке бөледі.

Ақымаң ол кезде тордагы тоты құс сияқты шүлдіреп жүреді.

Өлең сатылы турде Д.Бродскийдың аудармасынан жасалған. Шашты төрт рет қырық бөлшекке бөлу орыс аудармашысының «расщепляет волос на сорок частей» дегеніне сәйкес келеді. Д.Бродскийдың «проникает в глубь вещей» дегенін Роттенберг «астарындағыны көреді» деп береді. «Сөздерді үлкендерше көрегендікпен өлшейді» деген аудармасы ақынның «таразы да, қазы да өз бойында» деген өлең жолына дәл балама бола алмайды, бірақ түпнұсқаның жалпы мағынасын береді. Төртінші тармакта наданды тоты құскә тенеген, аудармашы бұл образды өз тарапынан қосқан, мұның себебі түпнұсқадағы наданның көптің айтқанынан шықпауы, тоты құс сияқты біреудің айтқаның қайталаумен бірдей болып көрінуінде. Қосу тәсілі арқылы аудармашы түпнұсқаның эмоционалды-экспрессивті, әрі прагматикалық әсерін күшету мақсатын қойған. Абайдың «Картайдық, қайғы ойладық, үйкы сергек» өлеңін орыс ағылшын тілдеріндегі аудармасын талдау барысында орыс тіліне аударған екі аудармашының ішінде Ә.Қодардың аудармасы түпнұсқага әлдеқайда жақын екендігі анықталды. Ә.Қодар өлеңді оқырманға женіл, түсінікті етіп аударуға күш салған. Ал Д.Бродский авторлық фразеологизмді сөзбе-сөз аударып қателік жіберген. Ағылшын тіліндегі аударма туралы айтатын болсақ, Д.Роттенбергтің жіберген кемшиліктері аударма сатылы турде орыс тіліндегі мәтіннен жасалғандықтан және аудармашының түпнұсқа мәтінді жете түсінбегендіктен деп білеміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Құнанбаев А. Избранное /Пер с каз. и комментарии А.Кодара. – Алматы: Ана тілі, 1996.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – I том. – Алматы, 2002.
3. Абай Құнанбаев. Избранное: Пер.с каз. /Сост. М.Магауина, вступит. статья М.Ауэзова, послесл. М.Каратаева. – М.: Художественная литература, 1981.
4. Abay. Poems. /Designed by Victor Chistyakov. - Moscow, 1971.
5. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. – М., 1980.